

## ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Қазіргі таңда төтенше жағдайлар басқармасының басты назарында қала аумағында орналасқан жеке тұрғын үйлерде қауіпсіздік шараларын сақтау болып отыр.

Жылыту маусымына дайындық кезеңінен бастап 2401 тұрғын үйді аралап, 7245 тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жасалды.

Ақтау қаласының тұрғындары мен қонақтарына келесі ережелерді назарға алуы сұраймыз:

- пештің ақауын, саңылауын тексеру, оларды уақытылы жөндеу;
- пештің түтін мұржаларын күйеден айына кемінде бір рет тазалау;
- қазандықта жанғыш материалдарды сақтауға жол бермеу;
- орнатылған газталдағыштарды жарамды күйде ұстау;
- электр тоқ көздерінің ақаулығын уақытылы тексеру немесе жөндеу;
- балалардың отпен ойнауына жол бермеу;
- асты қараусыз қалдырмау.

Сақтандыру шаралары және түтін улауына қарсы іс-шаралар:

- Тұрмыстық жылытқыштарды, пештерді пайдаланғанда бөлмелерді жиі желдетіп отыру керек.

- Жылыну үшін газ пештерді (мыс., газды плиталарды) пайдалануға қатаң тыйым салынады. Бұл өте қауіпті және түтін улауына алып келеді.

- Ұйқыға жатқанға дейін пешке, каминге отын салуды тоқтату керек.

- Түтін сезгіштердің жұмыс істеп тұрғанын тексеріп, оларды тазалау қажет.

- Пештің алдында жанбайтын материалдан (металл, керамика) жасалған қорғағыш еден төсеме болуы тиіс.

**Тіркелген газ жабдықтарын пайдалану ережелері:**

- Газ құрылғыларын тек рұқсат алған және білікті мамандар орнатуы керек.

- Газ құбырының тұтастығын және қосылымдардың тығыздығын үнемі тексеріп отыру қажет.

- Газды пайдаланбаған кезде олардың қрандарын жабу, ал ұзақ уақыт үйде болмаған кезде (мысалы, жұмысқа барғанда) газдың жалпы қрандарын жабу керек.

- Егер үйде газ иісі сезілсе, бірден газ қрандарын жабып, электр құрылғыларын қоспаңыз, от түрін пайдаланбаңыз, терезені ашып, төтенше қызметтерге (газ қызметі –

104, құтқару қызметі – 112) хабарлаңыз.

**Электр желілерін қауіпсіз пайдалану:**

- Электр сымдарын уақытылы ауыстырып, жөндеу жасау қажет.
- Бір розеткаға бірнеше қуатты құрылғыны қосудан аулақ болу керек.

- Ақаулы, бұзылған электр приборларын пайдаланбау керек.

- Электр құрылғыларын пайдаланбаған кезде, оларды торында қалдырмай, ажыратып қою ұсынылады.

**Жалпы міндетті шаралар:**

- Тұрғын үйде өрт сөндіргіш болуы міндетті. Оны пайдалану ережесін үйреніп алыңыз.

- Балаларға оттың, электр мен газдың қауіптілігі туралы үнемі түсіндіріңіз.

- Көршілеріңізбен, әсіресе жалғыз өмір сүретін азаматтармен байланыста болыңыз. Егер олардан бірнеше күн бойы белгі болмаса оны тексеруді сұраңыз.

Төтенше жағдайлардың алдын алу – бәріміздің ортақ міндетіміз. Ережелерді сақтау өз өміріңізді және жақындарыңыздың денсаулығын сақтауға көмектеседі.

**Төтенше жағдайлар кезінде хабарлау үшін:**

- 112 – бірыңғай төтенше қызметтер нөмірі (өрт, газ апаты, медициналық көмек).
- 104 – газ қызметі.


**Рысбек НҰРМҰХАН,**  
Ақтау қаласы төтенше жағдайлар басқармасының инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

## ҚҰТҚАРУШЫЛАР – ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

«Заңды бұзған өкенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ережесі бар.

Жемқорлық «сатып алу» деген мағынаны білдіреді. Бұл – мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражаға салу.

«Коррупция» термині латын тілінің «corruptio» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекеттің, қоғамның қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, болсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай



термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие әдепсіздік тәртіпті білдіреді.

**Н.ҚАЙРАТОВ,**  
Ақтау қаласының төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

## ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ БЕЙНЕСІ

Қазіргі білім беру кеңістігін цифрландыру үдерісі педагог тұлғасына қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Бүгінгі педагог – тек білім беруші емес, білім алушыны қолдайтын, бағыттаптын, оның тұлғалық және психологиялық дамуына ықпал ететін кәсіби тұлға. Осы тұрғыдан алғанда, педагогтің кәсіби бейнесі мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түсті.

Өз тәжірибем мен ғылыми ізденістеріме сүйене отырып айтарым: цифрлық дәуір педагогтің кәсіби имиджін тек технологияны меңгерумен өлшемейді. Керісінше педагогтің ішкі кәсіби позициясы, психологиялық мәдениеті, рефлексияға қабілеттілігі және цифрлық ортадағы жауапты мінез-құлқы алдыны қатарға шығып отыр.

Цифрлық трансформация педагогтің дәстүрлі рөлін айтарлықтай кеңейтті. Егер бұрын педагог білімнің негізгі көзі ретінде қабылдана, бүгінде ол оқу үдерісін ұйымдастырушы, фасилитатор, тьютор және психологиялық қолдау көрсетуші рөлдерін қатар атқарады. Бұл педагогтің икемділікті, ашықтықты және үздіксіз дамуға дайын болуды талап етеді. Сондықтан қазіргі педагогтің кәсіби бейнесі статикалық емес, үнемі дамып отыратын «динамикалық құбылыс» деп санаймын.

Цифрлық дәуір педагогін тек пәндік білім ғана емес, сонымен қатар өз ойлау әрекетін жоспарлай алу, бақылау және бағалау сияқты метакогнитивтік дағдыларды талап етеді.

Мұндай қабілеттер педагогке оқу үдерісін саналы түрде ұйымдастыруға, ал білім алушыларда рефлексия мен жауапкершілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық орта педагогикалық қызметтің эмоционалдық жүктемесін арттырды. Онлайн форматтағы үздіксіз байланыс, ақпараттың көптігі педагогтің психологиялық күйіне әсер етеді. Осыған байланысты педагогтің кәсіби бейнесінде эмоционалдық интеллект пен стресс-төзімділік маңызды орын алады. Психологиялық тұрғыдан тұрақты педагог қана білім алушылармен сенімді қарым-қатынас орнатып, кәсіби беделін сақтай алады.

Педагогтің кәсіби бейнесі оның қарым-қатынас мәдениетінде де айқын көрінеді. Бүгінде бұл мәдениет аудиториямен ғана шектелмей, цифрлық кеңістікке де таралып отыр. Әлеуметтік желілердегі мінез-құлық, кері байланыс беру стилі, цифрлық этиканы сақтау – мұның бәрі педагогтің кәсіби имиджін қалыптастырады. Осы тұрғыда педагогтің цифрлық мәдениеті кәсіби жауапкершіліктің жаңа өлшеміне айналды.

Менің көзқарасым бойынша технология – педагог қызметінің мақсаты емес, оны жүзеге асырудың тиімді құралы болуы тиіс. Цифрлық платформаларды педагогикалық мақсатқа сай орынды қолдана алатын педагог қана өз кәсіби бейнесін нығайта алады.

Қазіргі педагог бір ғана рөлмен шектелмейді. Ол – фасилитатор, тьютор, коуч, педагог-психолог әрі білім беру ортасының дизайнері. Бұл рөлдер педагогтің кәсіби бейнесін байытып, оның қоғамдағы әлеуметтік маңызын арттырады. Дегенмен цифрландыру педагог үшін белгілі бір қауіптерді де туын-



датады. Ақпараттық шамадан тыс жүктеме, цифрлық күйзеліс, эмоционалдық қажу педагогтің кәсіби имиджіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан педагогтің кәсіби дамуы психологиялық қолдаудан қатар жүруі тиіс.

Педагогтің цифрлық дәуірдегі кәсіби бейнесін дамыту үшін рефлексиялық практикаларды енгізу, метакогнитивтік дағдыларды дамыту, психологиялық қолдау бағдарламаларын ұйымдастыру және кәсіби қауымдастықтарға белсенді қатысу ерекше маңызды.

Қорытындылай келе, мен үшін цифрлық дәуірдегі педагогтің кәсіби бейнесі – бұл технологияны меңгерген маман ғана емес, психологиялық мәдениеті жоғары, рефлексияға қабілетті, кәсіби жауапкершілігі қалыптасқан тұлға. Мұндай педагог қана заманауи білім беру жүйесінің тұрақты дамуына үлес қоса алады.

**Перуза ЖАРЫЛҒАСОВА,**  
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, жалпы педагогика кафедрасының аға оқытушысы.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Buzachi Operating Ltd» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды: Солтүстік Бозашы кен орнындағы қолданыстағы 49 ұңғыманың жұмысын оңтайландыру бөлімі.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: СЕ 45°10'26", ШБ 51°38'37"

Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 26 наурыз сағат 11:00-де** өтеді.

**Өткізу орны:** Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, «Таушық ауылы өкім аппараты» ММ (акт залында) өтеді.

**ZOOM платформасы арқылы қосыла аласыз:** <https://us05web.zoom.us/j/87187506586?pwd=BjZjZjF15e3OikN44wBDnDN405WVWbB2.1>

**Конференция идентификаторы:** 871 8750 6586

**Кіру коды:** jVw5Xz

**Түтынушы:** «Buzachi Operating Ltd» ЖШС, Ақтау қаласы, 3-ш/а, 82-ғимарат, тел: +7 7992 510-590. БСН: 041241001357

**Жобаны әзірлеуші:** «Construction NS» ЖШС, Ақтау қ. 17-ш/а, 20-үй тел: 87014848005. БСН: 010740010777

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурсында орналасқан.

**Материалдарды сұрауға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі:** [eco\\_rk@mail.ru](mailto:eco_rk@mail.ru), 8 701 4848005

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> және электр. ЖАО мекен-жайы [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz) сайтында қабылда-нады.

### БАСПАСӨЗ-2026

## «МАҢҒЫСТАУ»

газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр

**«ХАЛЫҚ» және «КАСПИЙ»** қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

Туған өлкеңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ			
Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Занды тұлғалар үшін 1 жылға	16 370,00	25 881,96	15492
Жеке тұлғалар үшін 1 жылға	8 185,00	12 947,52	65492

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ САБАҚ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Қазіргі заманда білім беру жүйесі жаңа технологиялармен тығыз байланыста дамып келеді. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) оқу процесін жетілдіруге үлкен мүмкіндік береді. Жасанды интеллект мұғалімдер мен оқушыларға білім алуы жеңілдетіп, сабақтың сапасын арттыруға көмектеседі.

Ең алдымен, жасанды интеллект оқушылардың білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Арнайы бағдарламалар әр оқушының оқу үлгерімін талдап, әлсіз және күшті тұстарын көрсетеді. Соның нәтижесінде мұғалім әр оқушыға жеке тәсіл қолдана алады. Бұл оқушылардың материалды жақсы меңгеруіне көмектеседі.

Сонымен қатар ЖИ сабақ барысында қосымша көмекші құрал ретінде қолданылады. Мысалы, онлайн платформалар, виртуалды мұғалімдер және білім беру қосымшалары оқушыларға тапсырмаларды түсіндіруге және өз бетінше дайындалуға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабақтың тиімділігін жоғарылатады.

Жасанды интеллект мұғалімдердің жұмысын да жеңілдетеді. Тестерді автоматты түрде тексеріп, оқу материалдарын дайындауға көмектеседі. Бұл мұғалімге уақытты үнемдеуге және оқушылармен көбірек жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Алайда жасанды интеллектті қолданғанда мұғалімнің рөлі маңызды болып қала береді. Себебі ЖИ тек көмекші құрал ретінде қызмет атқарады, ал тәрбиелеу мен бағыт беру міндеті мұғалімге жүктеледі.

Қорытындылай келе, жасанды интеллектті сабақ процесінде қолдану білім беру сапасын арттырып, оқушыларға жаңа мүмкіндіктер ашады. Болашақта бұл технология оқу жүйесінің ажырамас бөлігіне айналуы мүмкін.

**Рысғұл САДҚАБАЕВА,**  
Өтес жалпы білім беретін мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі.

### "МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС ЖАРНАМА БӨЛІМІ

8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы

**МАҢҒЫСТАУ MEDIA**

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған

ТЕЛЕФОН: 20-48-42